

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті жаңындағы Исламтану мамандығы бойынша Диссертациялық кеңеске ұсынылған «6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Мәмбетбаев Қайрат Жолдыбайұлының «Ханафи мәзһабында хадистерді қабылдау өлшемдері және оның фиқи тармақ мәселелерге әсері» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Ислам дінінде жеке адамның Жаратушы, мемлекет және қоғаммен қарым-қатынасын реттейтін фиқи саласының орны ерекше. Фиқи ғылымының дамуы, жүйленуі кең таралуы Нұғман ибн Сәбит Әбу Ханифаның атымен тікелей байланысты. Тарихта Ирак құқықтық мектебі Имам Әбу Ханифаның ғылымға деген ерекше ықыласы, ғылыми методологиясының ерекшелігі мен көптеген шекірт тәрбиелеуі нәтижесінде ханафи мәзһабы деп аталып кеткені белгілі.

Ханафи фиқын құран аяттары мен пайғамбар хадистері негізінде жүйелі ойлаудың үлгісі, адам баласының сенім, гибадат, ахлақ, жан-дұниесі мен сыртқы көрінісі арасында тепе-тендікті негізге алған, уақыт өте келе бір жүйеге түсіп үлкен мектепке айналған, әлемнің тұқпір-тұқпіріне тараған, төзімділікті насиҳаттайтын даңғыл жол десек қателеспейміз.

Қазак елінің мұсылмандық түсінігі осы ханафи мәзһабымен тікелей байланысты екендігін кейінгі кезеңде жасалып жатқан ғылыми зерттеулер нақты көрсетуде. Алайда Кеңестік кезеңде жүргізілген атеистік саясаттың салдарынан бұл мұрамен байланыстың белгілігі бір кезеңде үзіліп қалғаны да жасырын емес.

Тәуелсіздік алған жылдары халқымыздың жоғалған құндылықтары қайта оралды. Солардың ішінде мұсылманшылық үрдіс қарқынды дамыды. Дін саласында қалыптасқан бос кеңістікті түрлі бағыттағы ағым өкілдері толтыруға ерекше әрекет жасап, соның салдарынан діндарлар арасында ала-құлалықтар, тіпті фундаментальды қайшылықтар да орын ала бастады. «Таза исламды» желеу еткен уаххабілік идеология ғасырлар бойы қазақ жерінде қалыптасқан ислам мәдениеті мен өркениетінің жетістіктерін жоққа шығару арқылы өз ұстанымдарын нығайтуға үлкен күш жұмсауда. Осы тұргыдан алғанда мұсылман өркениетінің дамуына өз үлестерін қосқан бабаларымыздың сунниттік ханафи бағытындағы төл діни таным-түсініктерін, құлышылық рәсімдерін исламның ғылыми канондарымен түсіндіріп дәйектеудің өзектілігі өткір тұр. Өйткені ислам дінінің өз қайнар көздеріне сүйене отырып, жас үрпактың дұрыс діни танымын қалыптастыру осы идеологиялық текетіресте ең берік қорған болып табылады. Осы мақсатта 2011 жылы қабылданған Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңымыздың преамбуласында ислам дініндегі ханафилік бағыттың тарихиілігі ресми түрде мойындалып, осы

бағытта кең көлемді жұмыстар жүргізіліп келеді. Міне, осы жағынан келгенде, ханафи мәзһабының өміршендігін қаматамасыз ететін негіздері мен ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерттең, негіздеудің маңызы зор. Докторант Мәмбетбаев Қайрат Жолдыбайұлының «**Ханафи мәзһабында хадистерді қабылдау олшемдері және оның фиқиғи тармақ мәселелерге әсері**» атты докторлық диссертациясы осы мақсатты көздейтін жұмыстардың катарына жатады. Әсіресе, казіргі ақпарат ағыны толассыз дамып отырған заманда түрлі діни ағымдардың ықпалына қарсы тұра білу жолында рухани күшті иммунитет қалыптастыру мақсатында осындай ғылыми жұмыстың өзектілігі өздігінен айқындала түседі.

Сондықтан Мәмбетбаев Қайрат Жолдыбайұлының зерттеу нысанына алып отырған тақырыбы өте өзекті және қалың жұртқа пайдалы екені ешкандай күмән тудырмайды. Диссертанттың ғылыми ізденісі қазақстан мұсылмандарының ұстанатын ханафи мазхабындағы хадистердің колданыс ерекшеліктерін зерделеуге арналған. Бұл саладағы арнайы зерттеулердің тапшылығына қарап, Мәмбетбаев Қайраттың көпшілік талқысына ұсынған ғылыми жұмысын отандық исламтану ғылымына өзіндік үлесін қосатын, салмақты еңбек деп бағалауға болады.

Зерттеу жұмысының ғылыми жақалығы мен теориялық мәнділігі.

Әйгілі имам Нұғман ибн Сәбит Әбу Ханифаның ислам тарихынан, дүние жүзіндегі мұсылмандар мен қазақ ұлтының мәдени кеңістігінен, өмірлік тәжірибесінен алатын орны ерекше. Бұған дейін отандық дінтану ғылымында ханафи мәзһабының діни-философиялық негіздері арнайы қарастырылғанымен, ханафи мәзһабындағы хадистерді қабылдау олшемдері, ханафи хадистану әдіснамасы осы зерттеуде алғаш рет қолға алынған. Сондықтан онда ұсынған ғылыми жақалықтар да тың. Диссертациялық жұмыста, ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес теориялық нәтижелерге қол жеткізілген.

Біріншіден, бұл еңбекте Куфа қаласында қалыптастан ханафи мәзһабының арғы негіздері Омар ибн Хаттаб, Әбу Бәкір бинт Айша, Әли ибн Әби Талиб, Абдуллаһ ибн Мәсғуд, Муғаз ибн Жәбал секілді ислам тарихындағы әйгілі тұлғаларға барып тірелетіні нақты дәйектермен дәлелденген;

Екіншіден, Ирактық рәй мектебінің тек қияс әдісімен дәлелдер келтіретін фиқи салаған емес, өзіндік қағидаттары мен зандылықтары бар ерекше хадис методологиясы екендігі де нақты дәлелденіп айқындалған;

Үшіншіден, қогамда туындал жататын түрлі мәселелерге шешім іздеңгенде, негізгі қайнар көздер – Құран мен Сұннеттен ауытқымай отырып, кеңістік пен уақыт талаптарымен санасып, жекелеген тұлғаларға қатысты ұмыту, шатастыру, ауырып, сырқаттану сияқты адами факторларды да ескере келіп, ахад хадистерді дәлел ретінде алудың шаригатқа қайшы еместігі дәлелденген;

Төртіншіден, ислам тарихында ғылым мен білім ошағы болған Куфаның тарихи-географиялық құндылықтары белгіленіп, бұл қаланың ханафи мәзһабына бастау болуы тарихи қажеттілік һәм зандылық екендігі тарихи деректермен жан-жақты ашылған;

Бесіншіден, хадистердің мәтіні мен оның жеткізушілерді бірге алып қарастырудың көптеген түйткілдерді шешуге мүмкіндік беретіні мысалдар арқылы айқындалған;

Алтыншыдан, ханафи мәзһабының басты классикалық енбектерінде негізге алынбаган бірқатар ахад хабарлар анықталып, олардың дәлел ретінде қолданылмау себептері түсіндірілген. Сондай-ақ ахад хабарларды іріктеу барысында жасырын үзік методологиясының фиқір мәселелерінің үкіміне ықпалы анықталған;

Атамыш жаңалықтардың бүгінгі діни салаға теориялық тұрғыдан да, практикалық жағынан да тигізер пайдасы мол екені даусыз.

Әрбір ғылыми нәтиженің, қорытындының жаңалық деңгейі

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі жоғары. Ізденушінің зерттеу барысында кол жеткізген нәтижелері мен жаңалығының дәрежесі төмендегідей:

- бірінші нәтижесі салыстырмалы түрде жаңа. Себебі, Әбу Ханифаның шарифи үкімдерді шығаруда Құраннан кейінгі негізгі қайнаркоз ретінде Пайғамбар хадистерін басшылыққа алғандығы және оған осы тұрғыда тағылған айыптаулардың негізсіз екендігі ислам тарихындағы көрнекті ғұламалардың пікірлерімен санаса отырып дәйектелген;

- екінші нәтижесі жаңа. Бұлай деуімізге Ханафилердің хадистерді әсіресе, ахад хабарларды қабылдаудағы шарттарының күрделілігі және «мұрсәл» хадистерге деген айрықша ұстанымы – үкімдердің де өзгеше болуына әсер еткен негізгі фактор екендігі бұрын айтылмаған жаңалық екендігі негіз болды;

- үшінші нәтижесі жаңа. Жұмыста Әбу Ханифадан кейін шамамен бір ғасырға жуық уақыттан кейін пайда болған хадис өлшемдерімен Әбу Ханифаның берген фиқхи үкімдеріне баға берудің ғылыми тұрғыдан қате тәсіл екендігі бұрын-сонды айтылмаған болатын;

- Ханафилердің хадисті жеткізу тізбегі толық болмаса да, ғұламалардың қабыл алып, қоғамның жаппай жасай келген амалдарының да «сахих», тіпті «мұтауатир» деңгейінде қарастырылатындықтары, өз кезегінде мұндай ұстанымның ғылыми тәсілге жататыны айқындалған. Осы тұрғыдан алгanda төртінші жаңалығының деңгейі жоғары деп есептейміз;

- Бесінші нәтижесі – жаңа. Хадис рауилерінің шатастыру, ұмыту, жартылай баяндау, жеткізген кезде айтылған мақсатқа сай сөздерді таңдамау секілді адами фактор жокқа шығарылмайтынын ескере отырып, ханафилер ұсынған «ахад» хадистерді іріктеудегі қосымша шарттар мен өлшемдер ықтияттылық тұрғысынан хадисшілердікінен әлдекайда жоғары екендігі тыңдан айтылған пікір саналады;

- Алтыншы нәтижесі – жаңа. Бұл жұмыста Ханафилік төл хадис әдіснамасы арқылы бүгінгі қазақ қоғамындағы діни алауыздықтың алдын алып, ханафилерді хадис білмеушілікпен айыптаған кейір теріс ағымдарға тойтарыс беруге болатындығын айқындауы докторанттың ғылымға қосқан үлесі болып саналады.

Ізденушінің алынған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Диссертацияда алынған нәтижелер қазіргі кезде еліміздегі мұсылман жүртшылығының біртұтастығына сызат түсіріп жірген кейбір діни ағымдардың имам Әбу Ханифа және оның мәншабы туралы жаңсақ пікірлеріне еріп кетуінен сақтап, дұрыс бағыт-бағдар беруге өзіндік үлес қосады. Діни экстремизм мен лаңкестік идеяларына қарсы мемлекеттік бағдарламаларды орындауга практикалық септігін тигізеді. Диссертациялық жұмыста келтірілген дәлелдәйектерді еліміздің тұқпір-тұқпіріндегі мешіттерде уағыз-насихат жүргізу барысында қолданудың пайдасы тиеді. Сондай-ақ жұмыстың нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқытылатын философия және дінтану пәндерінде, дін, мәдениет пен философия тарихына қатысты арнаулы курстарда пайдалануға болады.

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыста зерттеу нысанына байланысты теориялық мәселелерді шешуде қазақ, араб және түрк тілдерінде жалпы саны 133 ғылыми еңбек дереккөз ретіне пайдаланылған. Ханафи мәншабының хадистану өлшемдерін, діни нормалардың практикалық тіршілік ету шарттарын теориялық және эпистемологиялық тұрғыдан негіздеуде ерекше құндылыққа ие болған Иса ибн Әбанның «әл-Хужаж әс-сагирасынан» бастап, көптеген тарихи еңбектерге шолу жасалған. Имам Әбу Ханифаның хадис іліміндегі орны, ханафи мәншабының қалыптасуына Куфа мектебінің әсері, ханафи мәншабының хадис қабылдау мен таңдаудағы негізгі ұстанымдары тарихи, құқықтық тұрғыдан зерттеліп, зерделенеді.

Ізденуші салыстырмалы талдау барысында жалпы мойындалған классик авторлардың пікірлеріне жүргінеді. Дінтанулық сараптау барысында ислам ғылым тарихындағы әйгілі ғұламалардың және қазіргі заманғы танымал зерттеушілердің ойларын орынды пайдаланады. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі және дәйектелу деңгейі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға жауап береді.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі өте жоғары. Диссертацияның өн бойындағы зерттеу, талдау нәтижелері қорытынды ретінде жинақталып берілген. Диссертацияның мазмұны тақырыптың мәнін толығымен ашады, зерттеудің мақсаты мен міндеттері орындалған, қорғауға ұсынылған қағидалар, ғылыми жаңалықтар мен нәтижелер өзара сабактастық пен логикалық байланысты сақтаған. Ислами қайнаркөздерден көптеген нақты мысалдар келтіре отырып, Ханафи мәншабында хадистерді қабылдау өлшемдері және оның фиқхи тармақ мәселелерге әсеріне жан-жақты талдаулар жасалған. Зерттеу жұмысының бөлімдері мен бөлімшелері логикалық және мазмұндық жағынан бір-бірімен байланысады. Өзара үйлесімділік тапқан теориялық

сарапталуы мен ұтымды қолданылған әдіс-тәсілдері ғылыми зерттеу талабына толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың мазмұны концептуалдық түрғыда тұтастырымен ерекшеленеді. Жалпы айтқанда, атамыш диссертацияның ішкі бірлігі қажетті деңгейде деген ойдамыз.

Докторанттың диссертациялық жұмысына ұсыныстар мен ескертулер.

Диссертациялық зерттеудің жоғарыда аталған жетістіктері мен ғылыми құндылығын ескере отырып, оның мазмұны мен рәсімделуіндегі кейбір орын алған олқылықтарды ізденуші болашақ ғылыми жұмыстарында ескерер деген оймен атап өтуді жөн көрдік:

1) Диссертацияны жазу барысында кейбір сөздер әркелкі берілгені байқалады. Мысалы, Әбу деген сөз кей жерлерде Абу деп қолданылады. Осыны бірізділікке түсірген жөн;

2) зерттеу жұмысының кейбір тұстарында ғылыми стильтеге сай келмейтін эмоциялық-экспрессивтік бояуы бар діни уағызық сипаттағы сөздер қолданылады;

3) диссертацияның кейбір тұстарында пунктуациялық, орфографиялық қателіктер ұшырасады. Автор осы олқылықтарды толтыраш деген ойдамыз.


Алайда бұл көрсетілген ұсыныстар мен кемшіліктер қорғауга ұсынылып отырған жұмыстың зерттелу деңгейіне, мазмұндылығына, тұтастай алғандағы ғылыми маңыздылығы мен құндылығына нұқсан келтірмейді.

Ғылыми нәтижелер және олардың философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы ереженің талантарына сәйкестігі

«6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Мәмбетбаев Қайрат Жолдыбайұлының «Ханафи мәзhabында хадистерді қабылдау өлшемдері және оның фикхи тармак мәселелерге әсері» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны және рәсімделуі ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талантарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы «6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік университетінің доценті
м.а., философия ғылымдарының кандидаты**



С.У. Абжолов
КОПИЯ
Референт:
Қ.А. Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Кадр бөлімі